

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ  
КОМИССИЯСЫ**

**«Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ  
2025 жыл**

## МАЗМҰНЫ

- I. Кіріспе бөлік
- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы: \_\_\_\_\_
- 1.2 Мемлекеттік мақсаты: \_\_\_\_\_ аудиттің
- 1.3 Мемлекеттік объектілері: \_\_\_\_\_ аудиттің
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен кезең: \_\_\_\_\_ қамтылған
- II. Негізгі (талдамалық) бөлік
- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: \_\_\_\_\_
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: \_\_\_\_\_
- III. Қорытынды бөлік
- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: \_\_\_\_\_
- 3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар: \_\_\_\_\_
- 3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар: \_\_\_\_\_
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өндірілген сомалардың құжаттары.

**«Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне**  
**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**I. Кіріспе бөлік**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:**

«Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу».

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануын бағалау.

**1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

«Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Басқарма*)

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2024 жылдың 01 қаңтарынан 2025 жылдың 30 мамыры аралығы.

**II. Негізгі (талдамалық) бөлік.**

**2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.**

Аудиторлық іс шарамен жалпы қамтылған қаржы көлемі 2 395 038,0 мың теңге, оның ішінде:

Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының және активтердің көлемі (мың теңге)				
№	Мемлекеттік аудит объектілері	2023 жыл	2024 жыл	Барлығы
1	«Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі	269 898,0	2 125 140,0	2395038,0

**2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.**

Бюджетті жоспарлау барысында 1 332 696,9 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланғандығы анықталды.

003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша тиімсіз қаржы жоспарлануына байланысты, тікелей, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген. Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын сақталмауы салдарынан 3 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды. Анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамалардың талаптарын басшылыққа алмағандығынан орын алған.

**1. 2024-2025 жылдары аралығында білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша бюджет**

**қаражатының жоспарлануы және бюджеттік өтінімдердің әзірленуін талдау;**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет Кодексіне» және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №511 бұйрығымен бекітілген қағидаларына сәйкестігін қарау барысында анықталғаны:

- Білім басқармасының материалды-техникалық базаны дамыту, стратегиялық талдау және цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Т.Саутовтың 2025 жылғы 28 ақпандағы №10-10-01/125 қызметтік хатына сәйкес, жалпы орта білім беру ұйымдарына қосымша 10 290 дана бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджет есебінен қаржының бөлінуіне ықпал етуін сұраған.

2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік өтінім бойынша 003003158 «Ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 82 орта білім беру мекемелеріне «Әлеуметтік әмиан» жобасын іске асыру мақсатында аппараттық-бағдарламалық кешен (АӨК) орнатуға (82 мектепке 350,0 мың теңгеден 9 айға) – 258 300,0 мың теңге қажет делінген.

003015159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша жалпы 1 425 600,0 мың теңге, оның ішінде: «Террористтік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығының 77, 78, 79 тармақтарын орындау мақсатында орта білім беру мекемелеріне 9021 бейнекамера орнатуға 1 05 8400,0 мың теңге және мектептерді құрылымдалған кабельдік жүйені орнатуға – 367 200,0 мың теңге қаржы қажет делінген.

2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік өтінім басқарма басшысының орынбасары А. Арыкова мен бухгалтерлік есеп және есептілік бөлім басшысы – бас бухгалтері Р. Тастанбекова бекіткен.

Алайда, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №060240005266/250456/00 шартының 1-қосымшасына сәйкес, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша жалпы 1 683 900,0 мың теңгеге тұрған.

Немесе бюджеттік өтінім бойынша 158-ерекшелік бойынша жоспарланған 258300,0 мың теңге қаржы 159-ерекшелік бойынша келісім шартқа тұрған.

Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі - Кодекс) 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасына сәйкес, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – ол, бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану болып табылады.

Кодекстің 4-бабы 12) тармақшасында тиімділік қағидаты ол, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін

пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Кодекстің 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларына сәйкес; тікелей нәтиже – ол, қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін сандық сипаттамасы;

түпкілікті нәтиже – ол, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 1-тармағына сәйкес, Қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

Қағидалардың 2-тармағында, Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады және 4,5,6 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Бюджеттік өтінім бойынша «Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету және олардың қызмет етуін қамтамасыз етуге» 6 048 000,0 мың теңгеге үш жылға жоспарланған. Оның ішінде, 2025 жылға 1 683 900,0 мың теңге, 2026 жылға 2 182 050,0 мың теңге және 2027 жылға 2 182 050,0 мың теңге қаржы қарастыру жоспарланған. 2025 жылға жоспарланған 1 683 900,0 мың теңгенің:

158 «Ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 82 орта білім беру мекемелеріне «Әлеуметтік амиян» жобасын іске асыру мақсатында аппараттық-бағдарламалық кешен орнатуға (82 мектепке 350,0 мың теңгеден 9 айға) – 258 300,0 мың теңге қажеттілігі көрсетілген.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша жалпы 1 425 600,0 мың теңге, оның ішінде, орта білім беру мекемелеріне 9021 бейнекамера орнатуға 1 058 400,0 мың теңге және мектептерді құрылымдалған кабельдік жүйені орнатуға – 367 200,0 мың теңге қаржы қажеттілігі көрсетілген.

20205 жылға жоспарланған 1 683 900,0 мың теңге аудит іс шарасын жүргізу мерзімінде жұмсалмаған.

- Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету және олардың қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша **үш жылға жоспарланған 6 048 000,0 мың теңгенің** тиімді жоспарлануын **талдау барысында** интернет ресурстағы сайттардағы бейнебақылау камералар мен құрал жабдықтардың бағалары Білім басқармасы тарапынан ұсынған бағалардан төмен екендігі анықталды, атап айтқанда:

## №1 кесте

№	Атауы	Өлше м бірл.	Саны	Бағасы	Құны	Прайс бағасы	Прайс құны	Айырмасы (теңге)
1	Камера видеонаблюдение	дана	9021	80080	722401680	26500	239056500	483345 180
2	Жесткий диск DS160HKA1-VX1	дана	294	300040	88211760	244407	71855658	16 356 102
3	РоЕ-коммутатор Hikvision DS- 3E0526P-E(O- STD)(B)	дана	588	170040	99983520	141451	83173188	16 810 332
4	шкаф антивандальный 6U цена	дана	294	47206	13878637	40806	11996964	1 881 673
5	Стойка мобильная до 50 кг	дана	147	250313	36795986	125000	18375000	18 420 986
6	источник бесперебойного питания UPS-5k 5 кВА/4,5 кВт	дана	147	819165	120417206	381893	56138271	64 278 935
7	кабель сетевой ОК- WIRE UTP Cat.5e ПВП 4*2*0,50мм	метр	48510 0	180	87237150	55	26680500	60 556 650
8	кабель ВВГ нг-П LS 3*2.5(ож)-0,66	метр	22050 0	705	155507625	563	124141500	31 366 125
9	Кабель-канал 40*25	дана	22050 0	1310	288799875	238	52479000	236 320 875
10	коробка щитовая под автоматом 400- 020к IP40	дана	147	2560	376307	1700	249900	126 407
11	Распределительная коробка для монтажа купольных и цилиндрических камер	дана	9021	14688	132498944	5200	46909200	85 589 744
12	Автоматический выключатель ВА 47-63, 1P 16A (C) 4,5кА	дана	147	1877	275980	702	103194	172 786
13	Розетка двухместная с з/к для открытой установки IP54 IEK	дана	147	5005	735735	2699	396753	338 982
14	Коннектор RJ-45 cat. 5e	дана	14700	48	700700	30	441000	259 700
15	Дюбель гвоздь 6x60	дана	14700 0	40	5892250	10,8	1587600	4 304 650
16	Табличка «Ведется видеонаблюдение»	дана	147	4550	668850	3000	441000	227 850
17	Сетевой фильтр б розеток	дана	294	9214	2708842	3990	1173060	1 535 782

18	Мышь Xiaomi Wireless Mouse Lite Черный	дана	147	8164	1200108	6741	990927	209 181
19	Коннектор RJ-45	шт	43970	55	2418344	20	879400	1 538 944
20	Кабельный канал 60*40	м	21077	480	103236720	437	9210649	94 026 071
21	Шкаф серверный U16	дана	136	152000	20672000	97329	13236744	7 435 256
22	Шкаф Серверный распредел U9	дана	782	55000	43010000	45835	35842970	7 167 030
23	Анкерный болт M10*12*85	дана	3120	180	561600	55	171600	390 000
24	Дюбель нагель 6*40	пачка 100 шт	1352	750	1014000	230	310960	703 040
25	Патч-панель 24порт	дана	782	35000	27370000	11970	9360540	18 009 460
26	Автомат электрический 16А	дана	274	1800	493200	1010	276740	216 460
27	Модуль SFP 10km SC	пара	1836	18000	33048000	14310	26273160	6 774 840
28	Сетевой фильтр 5 портовый	дана	888	6500	5772000	2370	2104560	3 667 440
29	Оптический патчкорд SC-SC 1m	дана	1836	2500	4590000	1090	2001240	2 588 760
30	Оптический кросс SC на 8 портов	дана	782	25000	19550000	22220	17376040	2 173 960
31	Неуправляемый коммутатор 8-портов POE	дана	841	30000	25230000	19850	16693850	8 536 150
32	Управляемый Коммутатор 16 портов L2 SFP центральный	дана	136	190000	25840000	150855	20516280	5 323 720
33	ИБП	дана	136	289112	39319232	27070	3681520	35 637 712
34	Стабилизатор напряжения	дана	136	130000	17680000	30690	4173840	13 506 160
	<b>Жиыны</b>							<b>1229796 943</b>

*Яғни, кестеде көрініп тұрғандай 34 позиция бойынша жалпы 1 229 796,9 мың теңгеге құрал жабдықтардың бағалары Білім басқармасы тарапынан ұсынған бағалардан төмен.*

Сонымен қатар, Білім басқармасы ұсынған қажеттілікке байланысты автокөлік мұнарасын (автовышка) жалдауға 147 мектепке сағатына 8,0 мың теңгеден әр мектепке 88 сағаттан жалпы 102 900,0 мың теңге қажет делінген. Алайда, нақты бейнекамералар мектеп кабинеттерінде және мектеп ғимараттарының кіру топтарында ғана орналастыру қарастырылуына байланысты, 102 900,0 мың теңгеге автокөлік мұнарасына (автовышка) жоспарланған қаржы негізсіз деп есептейміз.

Айта кететін жайт, интернеттегі «перевозка» сайтында автокөлік мұнарасының (автовышка) 1 сағатқа жалдау құны 4,0 мың теңгеден басталады.

Жалпы **1 332696,9 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланғандығын көрсетеді.

Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі - Кодекс) 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасына сәйкес, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – ол, бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану болып табылады.

Кодекстің 4-бабы 12) тармақшасында тиімділік қағидаты ол, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Кодекстің 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларына сәйкес; тікелей нәтиже – ол, қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін сандық сипаттамасы;

түпкілікті нәтиже – ол, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) Қағидалардың 2-тармағында, Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады деген талабы сақталмаған.

- Шымкент қаласы мәслихатының «2025-2027 жылдарға арналған Шымкент қаласының бюджеті туралы» 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №23/195-VIII Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы 2025 жылғы 28 наурыздағы №25/223-VIII шешімінің 1-қосымшасына сәйкес, 360011 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 170 200,0 мың теңге қаржы отырғызылады.

2025 жылғы 13 наурыздағы мемлекеттік сатып алудың ашық конкурсының №14108550-OK1 қорытындысы бойынша 111 820,8 мың теңгеге ЖШС «Seven Hills of Kazakhstan» (бұдан әрі - Жабдықтаушы) жеңімпаз атанып, 2025 жылдың 18 сәуірінде №060240005266/250347/00 тауарларды сатып алу туралы шарты түзіліп, 2025 жылдың 18 сәуірінде 110 896,0 мың теңгеге қосымша келісім шарты түзіледі.

Сонымен қатар, аталған жабдықтаушымен 2025 жылғы 18 наурыздағы мемлекеттік сатып алудың ашық конкурсының №14086512-ОК1 қорытындысы бойынша 59 304,8 мың теңгеге келісім шарты түзіліп, 360011414 «Машиналар, құралдар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамалдар сатып алу» ерекшелігі бойынша 170 200,0 мың теңгеге (Сервер PowerEdge R760xs) 1 дана 17 350,0 мың теңгеге, (Сервер PowerEdge R760xs) 1 дана 42 000,0 мың теңгеге, (Сервер PowerEdge R860xs) 1 дана 110 850,0 мың теңгеге алу қарастырылған. Келісім шарттың орындалу мерзімі 60 күнтізбелік күн.

Айта кететін жайт, бүгінгі күнге дейін жоғарыда аталған Серверлер орнатылмаған және жабдықтаушының есеп шотына басқарма тарапынан қаржы аударылмаған.

Одан басқа, мемлекеттік сатып алу конкурсының хаттамаларына сәйкес, жабдықтаушы тарапынан конкурсқа қатысу өтінім 2025 жылдың 04 наурызында ұсынылып, мемлекеттік сатып алудың ашық конкурсының қорытындылары 2025 жылдың 13 наурызында шыққан, ал 360011 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 170 200,0 мың теңге Шымкент қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 наурыздағы сессиясымен қаржы отырғызылады. Яғни, қаржы қарастырылмай тұрып, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізіліп, қорытынды хаттамалары шығарылған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының бап, 1 тармағының «Мемлекеттік сатып алу процесі мыналарды қамтиды» 1) тармақшасының, 2 тармағының, 4 тармағының, 5 тармағының, 7 тармағының, 8 тармағының, 12 тармағының талаптары сақталмаған.

**- 2024-2025 жылдары аралығында білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуды талдау.**

Басқарма тарапынан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша төмендегі өнім берушілермен келісім шарттарға тұрған атап айтқанда:

1. «Арыс спорт мектебі» ЖШС-мен 2024 жылғы 14 маусымда көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №241325 шарты 60724,2 мың теңгеге түзіледі.

Атқарылған жұмыстар актілеріне сәйкес, 2024 жылдың 25 маусымында 10 019,5 мың теңгенің (297 жолдама), 2024 жылдың 10 шілдеде 10 221,9 мың теңгенің (303 жолдама), 2024 жылдың 24 шілдеде 10 120,7 мың теңгенің (300 жолдама), 2024 жылдың 24 шілдеде 10 289,4 мың теңгенің (305 жолдама), 2024 жылдың 05 тамызында 10 289,4 мың теңгенің (305 жолдама), 2024 жылдың 12 тамызында 9 783,3 мың теңгенің (290 жолдама) жалпы 1800 жолдама немесе 60 724,2 мың теңгенің жұмыс ауқымдары орындалғаны жөнінде құжаттар тапсырылған.

2024 жылғы 28 маусымында №3609901/24-110962 төлем құжатымен 1 059,5 мың теңге, 2024 жылғы 09 шілдеде №3609901/24-111940 төлем құжатымен 8 960,0 мың теңге, 2024 жылғы 25 шілдеде №3609901/24-112461

төлем құжатымен 10 221,9 мың теңге, 2024 жылғы 30 шілдеде №3609901/24-112530 төлем құжатымен 10 120,7 мың теңге, 2024 жылғы 30 шілдеде №3609901/24-112531 төлем құжатымен 10 289,4 мың теңге, 2024 жылғы 16 тамызында №3609901/24-113729 төлем құжатымен 10 289,4 мың теңге және 2024 жылғы 16 тамызында №3609901/24-113729 төлем құжатымен 9 783,3 мың теңге жабдықтаушының есеп шотына аударылған немесе жалпы 60 724,2 мың теңге «Арыс спорт мектебі» ЖШС-нің есеп шотына аударылған.

2. Басқарма тарапынан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша өнім беруші «ANEKE GROUP» ЖШС-мен 2024 жылғы 21 маусымда көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №241349 шарты 34 005,6 мың теңгеге түзіледі.

2024 жылдың 31 шілдесінде 34 005,6 мың теңгеге атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес жұмыс ауқымдары орындалғаны жөнінде құжат тапсырылған. Аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жазғы лагерьге жалпы 900 жолдамалар алынғаны жөнінде құжаттар тапсырылған.

2024 жылғы 15 тамызындағы №3609901/24-113712 төлем құжатымен 20 743,4 мың теңге, 2024 жылғы 15 тамызындағы №3609901/24-113713 төлем құжатымен 13 262,2 мың теңге жабдықтаушының есеп шотына аударылған.

3. «QAPAL-KZ01» ЖШС-мен 2024 жылғы 17 шілдедегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №11 шарты 122 533,5 мың теңгеге түзіледі.

Атқарылған жұмыстар актілеріне сәйкес, 2024 жылдың 29 шілдеде 41 373,5 мың теңгенің (1085 жолдама), 2024 жылдың 07 тамызында 37 557,3 мың теңгенің (994 жолдама), 2024 жылдың 14 тамызында 34 950,2 мың теңгенің (925 жолдама), 2024 жылдың 27 тамында 8 652,5 мың теңгенің (229 жолдама) жалпы 3243 жолдама немесе 122 533,5 мың теңгенің жұмыс ауқымдары орындалғаны жөнінде құжаттар тапсырылған.

2024 жылғы 05 тамызындағы №3609901/24-112547 төлем құжатымен 23 309,9 мың теңге, 2024 жылғы 14 тамызындағы №3609901/24-113668 төлем құжатымен 18 063,6 мың теңге және 2024 жылғы 19 тамызындағы №3609901/24-113747 төлем құжатымен 34 950,2 мың теңге, 2024 жылғы 19 тамызындағы №3609901/24-113746 төлем құжатымен 37 557,3 мың теңге және 2024 жылғы 28 тамызындағы №01/24-114082 төлем құжатымен 8 652,5 мың теңге жабдықтаушының есеп шотына аударылған.

4. Білім басқармасы басшысының 2024 жылғы 29 тамызындағы «Бір көзден сатып алу туралы» №366 н/қ бұйрығы негізінде «QAPAL-KZ01» ЖШС-мен 2024 жылғы 03 қыркүйегіндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №241451 шарты (бұдан әрі - №241451 келісім шарт) 34 005,6 мың теңгеге түзілген.

2024 жылғы 18 қазанындағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы №241451 шартқа қосымша 30 642,8 мың теңгеге №241451/01 келісім шарт түзілген.

2024 жылдың 04 қыркүйегіндегі №29 Атқарылған жұмыстар актісімен 30 642,8 мың теңгенің (811 жолдама) жұмыс ауқымы орындалғаны жөнінде құжат тапсырылған.

2024 жылғы 05 қыркүйегіндегі №3609901/24-114226 төлем құжатымен жабдықтаушының есеп шотына 30642,8 мың теңге аударылған.

- «QAPAL-KZ01» ЖШС-і директорының аз камтылған отбасынан шыққан оқушылар жазғы сауықтыру лагерлерінде атап айтқанда «Гавайи» 50 бала, «Машат Арасан» 481 бала және «Турбаза» 280 бала демалған жөнінде тізім өткізген. Тізімге сәйкес IV ауысым жылдың 14-23 тамызы аралығында болуы тиіс еді.

Алайда, №241451 келісім шарт 2024 жылдың 03 қыркүйегінде тұрып, атқарылған жұмыстар актісі 2024 жылдың 04 қыркүйегінде келесі күні өткізіліп, қаржы 30 642,8 мың теңге жабдықтаушының есеп шотына 2024 жылғы 05 қыркүйегінде екі күн ішінде аударылған.

Ал, азайтылған сома бойынша 30 642,8 мың теңгеге қосымша келісім шарт 2024 жылғы 18 қазанында тұрған. Яғни, қаржы толығымен аударылып, жұмыс ауқымы орындалып болған соң ғана қосымша келісім шарт жасалған.

Сонымен қатар, келісім шарттың 8.1 тармағында **«Шарт ҚР ҚМ аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап күшіне енетіні көрсетілген»**. Шарт қазынашылық органында 2025 жылдың 04 қыркүйегінде тіркелген және заңды күшіне енген.

Шарт түзілгеннен және заңды күшіне енгеннен соң, яғни 2025 жылдың 04 қыркүйегінен кейін балалар жазғы демалысына (лагерьге) бармаған.

Сонымен қатар, алғашқы №241451 келісім шартқа жазғы маусым өткен соң қыркүйек айында тұрған және бір күн ішінде жұмыстар атқарғаны жөнінде құжат өткізіп, екінші күні қаржы толығымен аударылған.

Айта кететін жайт, Түлкібас аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 2025 жылғы 04 қыркүйегіндегі №24-35-29-03-06/789 хатына сәйкес, Түлкібас ауданы, Кершетас ауылы, 89 кварталда №33В мекен жайда орналасқан «Лагерь Зере» ЖШС «Машат Арасан» жазғы сауықтыру лагеріне 29.05.2024 жылы №Х.11.Х.КZ67VWF00170739 санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 431 орынға ғана берілген. Немесе «QAPAL-KZ01» ЖШС тарапынан «Машат Арасан» сауықтыру лагерінде 50 бала артық демалған.

Яғни, аз камтылған отбасынан шыққан оқушылар жазғы сауықтыру лагерлеріне барғандығы күмән келтіреді.

Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі - Кодекс) 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларына сәйкес; тікелей нәтиже – ол, қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін сандық сипаттамасы;

түпкілікті нәтиже – ол, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының

Кодекстің 4 бабы, 13) жауапкершілік принципі – «тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы» деген талабы;

Кодекстің 97-бабы, 6-тармағының «Мемлекеттік мекеме: төлеуге берілетін шотты табыс етудің заңдылығын және негізділігін; төлеуге берілетін шоттың көрсетілген деректемелерінің дұрыстығын; ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын; жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың берілуін, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын; бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне осы баптың 5-тармағында көрсетілген, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды табыс етуін қамтамасыз етеді» делінген талабы сақталмаған.

Шымкент қаласындағы білім беру ұйымдарында білім алушылардың тегін тағамымен қамтамасыз етуді талдау барысында Шымкент қаласының білім беру ұйымдарында 1-4 сынып білім алушылардың тегін мектеп тағамымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы Шымкент қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №1524 қаулысы негізінде жұмыстар атқарылған.

Сонымен қатар, 016 «Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2024 жылы 21992,0 мың теңге және 2025 жылы 12740,0 мың теңге жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға жаратылған.

### **III. Қорытынды бөлік.**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.**

Аудит барысында шаралар қолданылмады.

#### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

##### **Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:**

1) *тиімділік* – бюджетті жоспарлау барысында 1 332 696,9 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланғандығы анықталды.

2) *нәтижелілік* – 003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша тиімсіз қаржы жоспарлануына байланысты, тікелей, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеді деп есептейміз.

3) *мәнділік* – Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын сақталмауы салдарынан 2 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 30 642,8 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнамалардың талаптарын басшылыққа алмағандығынан орын алған.

**Қорытындылай келе,** Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды

ұйымдастыруға, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (бейнебақылау камералары орнату және күтіп ұстауға) және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Аудиторлық іс-шара қорытындысымен бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануы және Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын сақталмауы салдарынан 3 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар орын алуы жауапты қызметкерлердің тікелей өз міндеттерін орындамай, қолданыстағы заңнама талаптарын басшылыққа алмау салдарынан орын алған деп есептейміз.

Бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлануы басқада бұзушылықтардың орын алуы басшылық тарапынан бақылаудың төмен болуы салдарынан орын алып отырғандығын көрсетеді.

Жалпы сапалы мониторингінің жүргізілмеуі мен бюджет қаражатын жоспарлануы кезінде қолданыстағы заңнамалардың сақталмауы салдарынан бюджет қаржыларының тиімді жоспарлануына кері әсерін тигізген.

Бұл өз кезегінде бюджетті жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, сонымен қатар бюджет қаржысын пайдалану барысында аудит объектілері басшыларының жауапкершілігін арттыруды қажет етеді.

Жалпы аудиторлық іс-шараның нәтижесімен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектісі бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тапсырма.**

Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқама ұсынылсын.

#### **1. «Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) Жазғы сауықтыру лагерлерінде демалуға «QAPAL-KZ01» ЖШС-не негізсіз аударылған 30 642,8 мың теңгені қалпына келтіру немесе өндіру жұмыстары жүргізілсін.

3) Қабылданған шаралар бойынша мәліметті 1) тармақшасының орындалу мерзімі 2025 жылдың 28 қарашасына дейін 2) тармақшасының орындалу мерзімі 2026 жылдың 20 ақпанына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Тиісті құжаттар құқық қорғау органдарына жолдансын.


4.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражатжөніндегі ақпарат \_\_\_\_\_ парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі




Н. Омаров

Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы



Д. Кенже

Әкімшілік-заң және персоналды басқару бөлімінің бас инспектор-заң кеңесшісі



Е. Асқаров

Аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудиторлар

Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы-мемлекеттік аудитор



Г. Елшибаев

Мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторлары-мемлекеттік аудитор



Е. Есіркепов

Ш. Сариева

ГУ «Ревизионная комиссия по городу Шымкенту» А.А. Гафарков М.А